

Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 925 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.05. N 371 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарында әскери міндеттілер мен шақырылушыларды есепке алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 563 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында әскери міндеттілер мен шақырылушыларды есепке алу жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 564 қаулысы ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 мамырдағы N 558-28 қаулысы.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 12 қыркүйектегі
N 925 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын (бұдан әрі - азаматтар) әскери есепке алу Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңдарына және осы Әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес ұйымдастырылады.

Әскери есепке алу ұдайы жүзеге асырылады және әскери есепке алуға жататын азаматтардың барлық санаттарын қамтиды. Әскери есепке алуға қойылатын негізгі талаптар шақырылушы және жұмылдырылатын адамдар ресурстарының сандық және сапалық жай-күйін сипаттайтын толық және нақты деректер болып табылады.

2. Әскери есепке алудың мақсаттары мен міндеттері:

1) азаматтардың Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы", "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" Заңдарымен белгіленген әскери міндеттерді орындауын және осы Ережені сақтауын қамтамасыз ету;

2) ел қорғанысын және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шақырылатын және жұмылдырылатын адамдар ресурстарын тиімді пайдалану мүддесінде олардың сандық және сапалық құрамын анықтау;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлерді, әскери құралымдарды, мемлекеттік органдар мен арнайы құралымдарды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына жоспарлы түрде көшіру және оларды кейіннен жеке құраммен толық жасақтау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету үшін запаста тұрған азаматтар қатарынан қажетті әскери мамандарды даярлау жөніндегі жоспарлы жұмысты жүргізу.

3. Әскери есепке алуға әскери міндеттілер мен шақырылушылар жатады. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұрған азаматтар әскери міндеттілер, ал шақыру учаскелеріне тіркелген азаматтар - шақырылушылар деп аталады. Азаматтардың әскери есепте тұру ұзақтығы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде айқындалады.

4. Әскери есепке алу жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы әскери есепте мемлекеттік органдарға, немесе ұйымдарға жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытына броньдалмаған азаматтар тұрады.

Арнайы әскери есепте органдарға немесе ұйымдарға жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытына белгіленген тәртіппен броньдалған азаматтар тұрады.

Дипломатиялық қызметтің қызметкерлері облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің, Астана, Алматы қалаларының қорғаныс істері жөніндегі департаменттерінің арнайы әскери есебінде тұрады.

5. Азаматтарды әскери есепке алуды аудандардың, аудандарға бөлінбейтін қалалардың қорғаныс істері жөніндегі басқармалары (бөлімдері) (бұдан әрі - қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) деп аталады) тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырады.

Қорғаныс істері жөніндегі басқармалары (бөлімдері) жоқ елді мекендерде азаматтарды алғашқы әскери есепке алуды кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері (бұдан әрі - әкімдер) қамтамасыз етеді.

Ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдар) олардың ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына қарамастан, азаматтарды әскери есепке алуды осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

Аудандарда, қалаларда азаматтарды әскери есепке алуды ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі жұмысқа жалпы басшылық жасауды, осы жұмыстың жай-күйін бақылауды әкімдер және ұйымдарда қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) жүзеге асырады.

Ұйымдар қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) талап етуі бойынша жұмыс істейтін әскери міндеттілер мен шақырылушылардың сандық құрамын растайтын құжаттаманы ұсынады.

6. Ер азаматтарды алғашқы әскери есепке қоюды, олар 17 жасқа толатын жылы 1 қаңтардан бастап 31 наурызға дейін азаматтарды ауданда, аудандарға бөлінбейтін қалада құрылатын шақыру учаскесіне тіркеу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Әйел азаматтарды алғашқы әскери есепке қоюды, олар әскери-есеп мамандығын алған және 18 жасқа толған соң, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдарды әскери есепке қоюды қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерде, әскери құралымдар мен органдарда солдаттармен және матростармен, сержанттармен және старшиналармен ауыстырылатын әскери лауазымдарда шақыру бойынша әскери қызметті өткеруге тілек білдірген азаматтар тізбесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындайтын Қазақстан Республикасының аумағындағы қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) әскери есепке тұрғызылуы мүмкін.

2. Әскери есепке алуды жүзеге асыру тәртібі

7. Әскери есепке алуға жататын азаматтардың:
- 1) тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұруы;

2) шақыру (шақыру қағазы) бойынша белгіленген уақытта және жерге тұрғылықты немесе уақытша тұратын жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге органға, өзімен бірге әскери билетін (әскери билет орнына берілген уақытша куәлігін) немесе шақыру учаскесіне тіркелгендігі туралы куәлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін алып келуі. Көлік құралын басқару құқығына жүргізу куәлігі бар азамат оны өзімен бірге алып келуі тиіс;

3) әскери қызметтен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына шығарылған кезде тұрғылықты жеріне келгенде жеті күн мерзім ішінде қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) әскери есепке тұруы;

4) отбасы жағдайының, білімінің, жұмыс орнының немесе лауазымының, аудан, қала шегінде тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жеті күн мерзімінде қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге органға хабарлауға;

5) жаңа тұрғылықты жерге немесе уақытша тұратын орнына (3 айдан аса мерзімге) көшкен кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан 6 айдан аса мерзімге шыққан кезде әскери есептен шығуы және жаңа тұрғылықты жерге немесе уақытша тұратын орнына келгенде не Қазақстан Республикасына қайта оралғанда 7 күн мерзімде әскери есепке тұруы;

6) әскери билетті (әскери билет орнына берілген уақытша куәлікті), сондай-ақ шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті сақтауы. Көрсетілген құжаттарды жоғалтқан жағдайда тұрғылықты жері бойынша жоғалған құжаттар орнына құжаттар алу туралы мәселені шешу үшін жеті күн мерзімде қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге органға хабарласуы;

7) қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) талап етуі
б о й ы н ш а :

әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау үшін жоспарлы медициналық куәландырудан өтуге;

сипаттаушы құжаттарды (өмірбаян, жұмыс немесе оқу орны берген мінездеме, білімі туралы құжаттың көшірмесі, балалардың тууы туралы, некеге тұруы туралы куәліктердің көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітабын берген аумақтық әділет органының мөрімен расталған азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесін және т. б.) ұсынуы қажет.

Әскери қызметке шақыруға жататын және шақыру жүргізілетін кезеңде 3 айдан астам мерзімге тұрғылықты жерінен шығатын азаматтар бұл туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жеке хабарлауы тиіс.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.21 N 761 (2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

8. Жұмылдыру нұсқама құжатын немесе қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) шақыру қағазын алған азаматтар оларда мазмұндалған талаптарды орындауға міндетті.

Жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында әскери есепте тұрған азаматтардың тұрғылықты жерінен немесе уақытша тұрған жерінен шығуы азаматтардың шығу себебін және жаңа тұрғылықты жерін немесе тұратын жерін көрсеткен жазбаша өтініші бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (бөлімі) бастығының рұқсатымен жүргізіледі.

9. Қорғаныс істері жөніндегі басқармалары (бөлімдері) жоқ елді мекендерде әскери міндеттілерді әскери есепке тұрғызуды немесе әскери есептен шығаруды әкімдер қамтамасыз етеді, ал шақырылушылар мен запастағы офицерлер әскери есепке тұру немесе одан шығу үшін әскери комиссариаттарға өздері келеді.

Шақырылушыларды әскери есептен шығару олардың жазбаша өтініші бойынша шығу себептерін және жаңа тұрғылықты жерін немесе уақытша тұратын жерін көрсете отырып жүргізіледі.

Азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу немесе тіркеу есебінен шығару кезінде ішкі істер органдары әскери есепте тұруға міндетті, бірақ тұрмаған азаматтарды анықтайды, олар туралы тиісті қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) немесе әскери есепті жүзеге асыратын өзге органдарға хабарлайды және осы азаматтарды әскери есепке қойғаннан (әскери есептен шығарғаннан) кейін оларды тіркеуді немесе тіркеу есебінен шығаруды жүргізеді.

10. Әскери міндеттілерді алғашқы әскери есепке алуды әкімдер алғашқы есеп карточкалары бойынша 1-қосымшаға сәйкес, ал шақырылушыларды тізім бойынша 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырады.

11. Азаматтарды алғашқы әскери есепке алуды жүзеге асыруда негізге алынатын құжаттар мыналар болып табылады:

1) әскери міндеттілер үшін - әскери билет (әскери билеттің орнына берілген у а қ ы т ш а к у ә л і к) ;

2) шақырылушылар үшін - шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік.

12. Алғашқы әскери есепке алуды жүзеге асыру үшін әкімдер:

1) әскери міндеттілерді әскери есепке алуды (әскери есептен шығаруды) жүргізеді және тұрақты тұруға немесе уақытша тұруға (3 айдан астам мерзімге) олардың аумағына (басқа ауданға, қалаға көшіп келетін) келетін шақырылушыларды есепке алады;

2) ішкі істер органдарымен бірлесе отырып олардың аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын және әскери есепке тұруға жататын азаматтарды анықтайды;

3) олардың аумағында тұратын барлық ұйымдардың есебін жүргізеді,

олардың әскери-есеп жұмыстарына жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Әскери міндеттілерді алғашқы есепке алу карточкасы мен есепте тұрған шақырылушылардың тізімін мыналармен жылына кемінде бір рет салыстырады:

2-қосымшаға сәйкес ұйымның N Т-2 нысанды жеке карточкаларымен;

Азаматтарды тіркеу кітаптарымен, сондай-ақ аулалар бойынша аралап тексеру жолымен әскери міндеттілер мен шақырылушылардың іс-жүзінде бар б о л у ы н ;

шақыруға дейінгі жастарды шақыру учаскелеріне тіркегеннен кейін және азаматтарды мерзімді әскери қызметке, келісім-шарт бойынша әскери қызметке шақырудың алдында, сондай-ақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) нұсқауы бойынша басқа да мерзімдерде аудандық қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың бөлімдердің деректерімен;

4) азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) шақыру туралы хабардар етеді және осы шақыру бойынша көрсетілген пункттерге және мерзімде уақытылы келуіне жәрдемдеседі;

5) алғашқы есепке алу карточкаларына және шақырушылардың тізімдеріне біліміне, жұмыс орнына, лауазымына, отбасы жағдайына және мекен-жайына қатысты өзгерістерді енгізеді және барлық өзгерістер туралы ай сайын 25-күні қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) хабарлайды;

6) жыл сайын азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) 1 қыркүйекке дейін 4, 5-қосымшаға сәйкес 15-16 жастағы жасөспірімдердің тізімдерін, ал 1 желтоқсанға дейін келесі жылы әскери есепке алғашқы тұрғызуға жататын жасөспірімдердің тізімдерін ұсынады;

7) әскери қызметке шақыруға жататын азаматтардың, олар медициналық тексеру немесе куәландыру үшін жіберілген емдеу-алдын алу мекемелеріне баруын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарға әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді түсіндіруге және олардың осы Ереженің белгіленген нормаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзған әскери міндеттілерге хаттамалар жасайды және кінәлілерді жауапқа тарту үшін оларды аудандық азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) ұсынады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.21 N 761 (2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

13. Азаматтарды әскери есепке қою кезінде:

1) әскери билеттердің (әскери билеттердің орнына берілген уақытша куәліктердің) және шақыру учаскесіне тіркелуі туралы куәліктердің түпнұсқалылығы, азаматтардың бұрынғы тұрған орны бойынша әскери есептен шығуы және запастағы офицер мен шақырылушылардың жаңа тұратын орны

бойынша азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) әскери есепке тұруы туралы белгінің бар-жоғы тексеріледі. Әскери билеттерде (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәліктерде) және шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктерде айтылмаған түзетулер, дәлсіздің және жасандылық, парак саны толық еместігі анықталған кезде әкімдер ол туралы тиісті шаралар қабылдау үшін азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) хабарлайды. Әкімдерде әскери билетті немесе шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті қалдыру қажет болған жағдайда әскери міндеттілерге (шақырылушыларға) 7-қосымшаға сәйкес қолхаттар беріледі;

2) барлық әскери міндеттілерге алғашқы есеп карточкалары толтырылады, ал шақырылушыларға шақырылушылар тізімі жасалады және оларға әліпбилік карточкалар толтырылады. Прапорщиктерге, мичмандарға, сержанттарға, солдаттар мен матростарға, одан басқа, есеп карточкалары жүргізіледі. Көрсетілген құжаттарды толтыру шақырылушылардың әскери билеттеріндегі (әскери билеттер орнына берілген уақытша куәліктеріндегі) және шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктеріндегі жазбалармен дәл сәйкестікте жүргізіледі, бұл ретте білімі, жұмыс орны, лауазымы, тұратын жері мен отбасы жағдайы туралы мәліметтер, оларды жеке әңгімелесуде анықтағаннан кейін жазылады. Дұрыс емес жазбалар анықталған жағдайда азаматтар әскери есепке тұрғызу ресімделгеннен кейін әскери билеттерге (әскери билеттердің орнына берілетін уақытша куәліктерге) және шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктерге тиісті өзгерістерді енгізу үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (б ө л і м г е) ж і б е р і л е д і ;

3) әкімдерге келген, аудан, қала шегінде тұрғылықты орнын ауыстырған, сондай-ақ әскери билеттердің орнына берілген уақытша куәліктермен келген әскери міндеттілерге, олар азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) келгеннен кейін әскери міндеттілердің тегін, аты-жөнін, олардың тұрғылықты жерін, жұмысын және лауазымын, олар бұрын әскери есепте тұрған есеп органдарының атауын көрсетумен атаулы тізімдер толтырылады және азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жіберіледі. Бұл әскери міндеттілерге әкімдер есеп карточкаларын толтырмайды;

4) әскери билеттерде (әскери билеттердің орнына берілген уақытша куәліктерде) және азаматтарды тіркеу кітаптарында әскери есепке тұру туралы б е л г і ж а с а л а д ы ;

5) жұмылдыру нұсқамаларымен басқа аудандардан (қалалардан) келген әскери міндеттілер туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) хабарланады. Жұмылдыру нұсқамаларын алу тек қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) нұсқауы бойынша жүргізіледі, ол туралы әскери билеттерде б е л г і ж а с а л а д ы ;

б) әскери міндеттілердің тізімі мен есеп карточкалары, олардың жұмылдыру жолдамалары, есеп карточкасын толтырмай әскери есепке қабылданған әскери міндеттілердің тізімі, шақырылушылардың тізімі мен әліпбилік карточкалары он күнде бір рет белгіленген тәртіппен қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (б ө л і м д е р г е) ж і б е р і л е д і ;

7) есепке алынған әскери міндеттілердің алғашқы есеп карточкалары алғашқы есеп карточкаларының картотекасына салынады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.21 N 761 (2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

14. Азаматтарды әскери есептен шығару кезінде:

1) әскери билеттерде (әскери билеттердің орнына берілген уақытша куәліктерде) және азаматтарды тіркеу кітабында әскери есептен шығару туралы б е л г і ж а с а л а д ы ;

2) қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының шешімі бойынша ауданнан, қаладан тысқары шығатын азаматтардың жұмылдыру нұсқамалары алынады, ол туралы әскери билетте белгі жасалады;

3) әскери есептен шығарылған азаматтардың тізімі жасалады, олар алынған жұмылдыру нұсқамасымен бірге он күнде бір рет қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) белгіленген тәртіппен жіберіледі;

4) әскери міндеттілердің алғашқы есеп карточкаларында әскери есептен шығарған күні мен себебі жазылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.21 N 761 (2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

15. Есептен шықпай ауданнан, қаладан тысқары жаңа тұрғылықты орынға кететін азаматтар туралы әкімдер жеті күн мерзімде қажетті шаралар қабылдау үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) хабарлайды.

16. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында болудың шекті жасына жеткен әскери міндеттілерді әскери есептен шығару тек қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) өкімі бойынша әрбір жылдың қаңтары ішінде жүргізіледі.

17. Қайтыс болған әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есептен шығару азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан әскери билеттерді және шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктерді алғаннан кейін жүргізіледі. Әкімдер қайтыс болғанын тіркеу кезінде бұл құжаттар әскери есепке алуды жүргізу жүктелген лауазымды тұлғаларға тікелей жіберіледі. Бұл ретте, қайтыс болған азаматтың әскери есеп құжатында әкімнің қолымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылатын тиісті жазба жазылады, одан кейін әскери билет (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлік) немесе шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік әскери комиссариатқа жіберіледі. Азаматтық хал актілерін

тіркеу органдарынан немесе туысқандарынан қайтыс болған адамның әскери билетін (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлігін) немесе шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлігін алу мүмкін еместігі туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (бөлімге) хабарланады.

Алғашқы есепке алу карточкаларында қайтыс болғаны туралы актілік жазбаның нөмірін көрсете отырып белгі жасалады, одан кейін карточкалар есептен алынғандар мен шығарылғандардың картотекасына салынады. Осы карточкалар қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) кезекті салыстырғаннан кейін белгіленген тәртіппен жойылады.

18. Қазақстан Республикасынан тысқары тұрақты тұрғылықты орынға кететін азаматтарды әскери есептен шығаруды тек қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) жүргізеді, бұл ретте әкімдер қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) сұрау салуына орай қажетті мәліметтер жібереді.

3. Ұйымдарда азаматтарды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі

19. Ұйымдарда азаматтарды әскери есепке алуды жүргізу N Т-2 нысанды жеке карточка жүргізіледі, оның 2-бөлімі әскери есеп туралы мәліметтерден тұрады (2-қосымша). Шақырылушыларға қосымша тізім (3-қосымша) жүргізіледі

20. Олардың негізінде жеке карточканың 2-бөлімі толтырылатын әскери есептің құжаттары мыналар болып табылады:

әскери міндеттілер үшін - әскери билет (әскери билеттің орнына берілген у а қ ы т ш а к у ә л і к) ;

шақырылушылар үшін - шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік.

21. Әскери есепті жүзеге асыру үшін ұйымның басшылары, әскери-есеп жұмыстарына жауапты басқа да лауазымды тұлғалары (қызметкерлері):

1) жұмысқа (оқуға) қабылдау кезінде әскери міндеттілердің әскери билетін (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлігін), ал шақырылушылардың шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлігін тексереді. Көрсетілген құжаттарды қабылдау кезінде азаматтарға қолхат (7-қосымша) беріледі;

2) жұмысқа (оқуға) қабылданатын азаматтардың әскери есепте тұратындығын анықтайды. Әскери есепке тұрмаған әскери міндеттілер мен шақырылушылар жұмысқа (оқуға) тек оларды тұрғылықты орны бойынша есеп органдарында әскери есепке қойғаннан кейін қабылданады;

3) әскери есепке қоюға жататын азаматтарды тұрақты жері бойынша жібереді ;

4) ұйымдарда жұмыс істейтіндер (оқитындар) қатарынан азаматтардың толық және сапалы әскери есепке алынуын қамтамасыз етеді;

5) азаматтардың жеке карточкасындағы әскери есебі туралы мәліметтерді жылына кемінде бір рет қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің)

немесе әкімдердің әскери есепке алу құжаттарымен салыстырады;

б) әскери есепке алуды жүзеге асыратын қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) немесе әкімдердің сұрау салулары бойынша әскери есепке алу құжаттарына енгізу үшін қажетті әскери есепке тұратын азаматтар, әскери есепте тұрған азаматтар, сондай-ақ тұрмаған, бірақ әскери есепке тұруға міндетті азаматтар туралы мәліметтерді жеті күн мерзімде ж о л д а й д ы ;

7) запасқа шығатын, жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында ұйымдарға азаматтардың броньдалуын уақытылы ресімдейді;

8) жыл сайын тиісті қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) 1 қыркүйекте 15 және 16 жастағы жасөспірімдердің тізімін, 1 желтоқсанға дейін - келесі жылы әскери есепке алғашқы тұруға жататын жасөспірімдердің тізімін 4, 5 - қ о с ы м ш а л а р ғ а с ә й к е с ұ с ы н а д ы ;

9) азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) шақыру т у р а л ы х а б а р д а р е т е д і ;

10) азаматтардың қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) шақыруы (шақыру қағазы) бойынша уақтылы келу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

11) жеті күн мерзімде қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жұмысқа (оқуға) қабылданған немесе жұмыстан босатылған (оқу орындарынан шығарылған) барлық әскери міндеттілер мен шақырылушылар туралы х а б а р л а й д ы ;

12) қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) сұрау салулары бойынша ұйым қызметкерлерінің, соның ішінде жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытына ұйымға броньдалған саны туралы мәліметтерді жолдайды;

13) ұйымдарда жұмыс істейтін шақыруға дейінгі және шақыру жасындағы барлық жасөспірімдердің мерзімді әскери қызмет даярлығынан өтуіне (шақыруға дейінгілер мен шақырылушылардың мектептерге, оқу орындарына, қорғаныстық оқу ұйымдары мен емдеу органдарына баруын) жүйелі бақылауды жүзеге асырады және толық баруын және осы даярлықтың сапалы өткізілуін қамтамасыз ету ж ө н і н д е г і ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а й д ы ;

14) қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) мен жоғары тұрған ұйымдар ұйымдардағы әскери міндеттілер мен шақырылушыларды есепке тұрғызу және броньдау жағдайын тексеру журналын 8-қосымшаға сәйкес жүргізеді.

22. Запаста болудың шекті жасына жеткен азаматтардың немесе әскери есептен шығарумен денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп

танылған азаматтардың жеке карточкаларында "жасы бойынша әскери есептен шығарылды" немесе "денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарылды" деген белгі жасалады.

23. Қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) ұйымдардағы әскери есептің жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады.

2 4 . < * >

Ескерту. 24-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.12.08. N 1242 қаулысымен .

25. Ұйымдардың лауазымды тұлғалары меншік нысанына қарамастан осы Ережені бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңнамалық кесімдерге сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады, "жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

4. Әскери есептің құжаттары

26. Әскери есептің құжаттары азаматтар туралы мынадай мәліметтерден тұрады :

- 1) тегі, аты және әкесінің аты;
- 2) әскери атағы;
- 3) туған күні;
- 4) ұлты (қалауы бойынша көрсетіледі);
- 5) тұрғылықты жері;
- 6) отбасы жағдайы;
- 7) білімі;
- 8) жұмыс орны;
- 9) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығы;
- 10) негізгі антропометрикалық деректері;
- 11) әскери қызметті өткеруі;
- 12) әскери жиындардан өтуі;
- 13) шетел тілдерін білуі;
- 14) әскери-есептік және азаматтық мамандықтарының болуы;
- 15) спорттық разрядының немесе спорттық атағының болуы;
- 16) әскери міндеттінің жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытына мемлекеттік органдарға немесе ұйымға броньдалуы.

27. Әскери міндеттілерге әскери билет (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлік), ал шақырылушыларға әскери учаскеге тіркеу туралы куәлік беріледі .

Әскери қызметшілердің жеке куәліктері, әскери билеттері (әскери билет орнына берілген уақытша куәліктері), шақыру учаскесіне тіркеу туралы

куәліктері бланкілерінің және әскери есептің басқа да құжаттарының нысандарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әзірлейді және қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жібереді.

Әскери қызметшілердің жеке куәліктерінің, әскери билеттерінің (әскери билет орнына берілген уақытша куәліктерінің) және шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктерінің бланкілері, жұмылдыру кезеңіндегі және соғыс уақытындағы әскери қызметке шақыруы кейінге қалдырылғаны туралы куәліктердің бланкілері, сондай-ақ арнайы әскери есепке тіркеу туралы хабарламаның бланкілері қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша жасалады. Көрсетілген құжаттар қатаң есептегі құжаттар болып табылады және оларға бөтен адамдарға рұқсат етілмейтін тәртіппен сақталады.

Ұйымдардағы азаматтардың әскери есебін жүргізу жөніндегі құжаттарын ұйымдар жасайды.

28. Азаматтарға әскери билеттер мен шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті алғашқы беру өтеусіз жүргізіледі.

Азаматтар шетелге тұрақты түру үшін кеткен кезде әскери билетті (әскери билет орнына берілген уақытша куәлікті) және шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті олар қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) қайтаруы тиіс.

5. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі органдарында қызмет өткеретін Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу тәртібі және ерекшеліктері <*>

ЕСКЕРТУ. 5-бөлімнің тақырыбында және мәтінінде "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

29. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі, Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі жүйелерінің жоғары және орта арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі, Қазақстан Республикасы

Президентінің Күзет қызметі органдарында қызмет өткеретін әскери міндеттілерді есепке алу көрсетілген органдарда осы Ережемен айқындалатын тәртіпте жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі жүйелерінің жоғары және орта арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі органдарына қызметке қабылданған азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) әскери есептен шығару екі данада атаулы тізімдерді және әскери билеттерді қоса берумен, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жіберілетін көрсетілген органдардың дәлелді қолдаухаты бойынша жүргізіледі.

Қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) азаматтардың әскери есеп құжаттарында әскери есептен шығару туралы белгі жасайды. Әскери есептен шығару туралы белгісімен әскери билеттер, атаулы тізімдердің бір данасы, ал запастағы офицерлердің жеке істері мен қызметтік карталары қолдаухат жіберген ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі органдарына қайта жіберіледі.

Азаматтарды ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі органдарының қызметінен босату кезінде оларға 6-қосымшаға сәйкес нұсқама беріледі және осы азаматтарды әскери есепке тұру үшін тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жеті күндік мерзімде келуін міндеттейді және олардың босатылғаны туралы қорғаныс істері жөніндегі басқармаларды (бөлімдерді) жазбаша хабардар етеді.

Қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару комитеті органдарынан босатылған азаматтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі

агенттігі (қаржы полициясы), Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, жүйесінің жоғары және орта арнайы оқу орындарынан үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі, оқығысы келмегендігі және басқа негіздер бойынша шығарылған курсанттар мен тыңдаушылар, сондай-ақ келісім-шартты бұзғандар, бірақ 27 жасқа толмағандар тұрғылықты жері бойынша шақырылушылардың әскери е с е б і н е қ а б ы л д а н а д ы .

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.06. N 936 қаулысымен .

30. Ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі тиісті органдарының басшылары жыл сайын 1 ақпанда (ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша) өзі тұрған жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) көрсетілген органдарда қызмет өткеретін әскери міндеттілердің саны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейтін нысан бойынша ұ с ы н а д ы .

Ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі органдарында қызмет өткеретін азаматтардың саны туралы мәліметтер оларға бөтен адамдарға рұқсат етілмейтін жергілікті жерлерде қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде), мөр қойылған түрде сақталады. Көрсетілген құжаттармен жұмыс істеуге тек қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) бастығының бұйрығымен белгіленетін адамдарға рұқсат етіледі.

31. Ішкі істер, қаржы полициясы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өртке қарсы қызметі, кедендік бақылау, Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі органдарында қызмет өткеретін азаматтарды әскери есепке алудың жүзеге асырылуын бақылау қорғаныс істері жөніндегі басқармаларға (бөлімдерге) жүктеледі.

6. Жұмысының сипаты мен жағдайлары тұрақты тұрғылықты жерінен шығумен байланысты немесе шалғай жерлерде жұмыс істейтін азаматтарды әскери есепке алудың ерекшеліктері

32. Теңіз және өзен кемелерінде жұмыс істейтін, порттарына осы кемелер тіркелген елді мекендерде тұрақты тұратын азаматтар тұрғылықты жері бойынша ә с к е р и е с е п т е т ұ р а д ы .

Теңіз және өзен кемелерінде жұмыс істейтін, осы кемелер порттарына

тіркелген елді мекендерде тұрақты тұрмайтын азаматтар тиісті кеме басқармасының, басқарманың кадр органдарының орналасқан жері бойынша әскери есепте тұрады.

33. Далалық геологиялық және топографиялық-геодезиялық ұйымдарда, іздестіру, барлау, түсіру, гидрогеологиялық, геофизикалық, орман және жер құрылысы экспедицияларында, партиялар мен жасақтарда, желілік құрылыс-монтаждау және арнайы поездарда, жол және машина станцияларында, көшпелі механизацияланған және мамандандырылған колонналарда, тоннельдік, көпір салу, жүзу жасақтарында (учаскелерінде), құрылыс-монтаждау және іске қосу-жөндеу ұйымдарында, механизация басқармаларында және су асты техникалық жұмыстарда, мұнай және газ өндіру кәсіпорындарында, сондай-ақ оларға теңестірілген басқа да ұйымдарда жұмыс істейтін және жұмыс орындарында тұрақты тұрмайтын азаматтар осы ұйымдардың тұратын жері бойынша әскери есепке алуды жүзеге асыратын органдарда әскери есепте тұрады.

Көрсетілген ұйымдарға жұмысқа қабылданатын азаматтарды әскери есепке тұрғызуды немесе жұмыстан босатылатын азаматтарды әскери есептен шығаруды осы ұйымдардың әкімшілігі жүзеге асырады.

7. Әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін азаматтар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

34. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Ережемен белгіленген әскери есепке алу жөніндегі міндеттердің орындалмауына кінәлі азаматтар мен лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н а
ә с к е р и м і н д е т т і л е р м е н
ш а қ ы р ы л у ш ы л а р д ы ә с к е р и е с е п к е
алу ережесіне 1 қосымша

№ ____ команда Келу уақыты _____ № участок Бағыты _____

Салыстырылған күні _____

(ҚІБ-мен) (№ Т-2 н-мен)

ӘЕМ № _____

_____ (туған жылы)

Бастапқы есепке алу карточкасы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

С а п т ы қ

Есепке алу тобы _____ Саптық емес
Әскери атағы _____ (керегінің асты сызылсын)

Білімі _____
(жалпы, арнайы, әскери)

Азаматтық мамандығы _____
Жұмыс орны мен лауазымы _____

Тұрғылықты жері _____

Отбасы құрамы _____
(кәмелетке толмаған балаларының

туған жылы қосымша көрсетілсін)

Денсаулық жағдайы (саптық емес қызметке жарамды әскери
міндеттілер үшін) 20__ ж. "___" _____

_____ жанындағы
комиссия Аурулар кестесінің (Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрінің _____ ж. N _____ бұйрығы) _____ тобы, _____
бабы _____ бойынша _____

_____ деп танылды.

20 __ ж. "___" _____ қайта куәландыруға жатады.

Жұмылдыру нұсқама құжатында көрсетілген құжаттармен
және заттарыммен _____ дереу
келу туралы маған _____ сағ. _____ минутта хабарланды.

20__ ж. "___" _____ Қолы _____

Бастапқы есепке алу карточкасының сыртқы беті

**Әскери есепке қабылдау және одан
шығару (алып тастау) туралы белгілер**

Есепке қабылданды	ҚІБ-ге	Есептен шығарылды	ҚІБ-ге
	қашан	(алып тасталды)	қашан
	х а б а р .		х а б а р .
	л а н д ы		л а н д ы

20__ ж. "___" _____

_____ келді

20__ ж. "___" _____

(қандай себеп бойынша
және қайда кетті)

20__ж. "___"_____
_____ келді

20__ж. "___"_____

(қандай себеп бойынша
және қайда кетті)

20__ж. "___"_____
_____ келді

20__ж. "___"_____

(қандай себеп бойынша
және қайда кетті)

20__ж. "___"_____
_____ келді

20__ж. "___"_____

(қандай себеп бойынша
және қайда кетті)

20__ж. "___"_____
_____ келді

20__ж. "___"_____

(қандай себеп бойынша
және қайда кетті)

20__ж. "___"_____
_____ келді

20__ж. "___"_____

(қандай себеп бойынша
және қайда кетті)

(тегі және аты-жөні)

(әскери есеп жүргізу
жүктелген жергілікті
атқарушы орган

қызметкерінің қолы)

20__ж. "___"_____

Қазақстан Республикасына
әскери міндеттілер мен
шақырылушыларды әскери есепке
алу ережесіне 2 қосымша
N T-2 нысаны

кәсіпорын, ұйым

№ _____ Жеке карточка

К о д ы

Жасалған | Табельдің | Әліпби
к ү н і | н ө м і р і

I. Жалпы мәліметтер

1. Тегі _____ аты _____
Әкесінің аты _____
2. Туған жылы ____ айы ____ күні ____
3. Туған жері _____
4. Ұлты (тұлғаның қалауы бойынша) _____
5. Білімі:
а) _____ жоғары, жалпы орта, орта арнаулы, толық емес орталау, бастауыш (сыныбы)
б) _____ жоғары немесе орта арнаулы оқу орнының атауы және бітірген уақыты
в) _____ училищенің, кәсіптік техникалық білім беру мектебінің атауы және бітірген уақыты
г) оқу түрі: сырттай (керек емесі сызылсын)
д) _____
6. Диплом (куәлік) бойынша мамандығы _____ жоғары немесе орта арнаулы оқу
7. Диплом (куәлік) бойынша біліктілік _____
8. _____ негізгі кәсібі (мамандығы), _____ осы мамандық бойынша жұмыс өтілі
9. Жалпы жұмыс стажы _____
10. Үздіксіз стажы _____
11. _____ соңғы жұмыс орны, лауазымы, _____ босатылған күні және себебі
12. Отбасылық жағдайы _____ отбасы құрамы, _____ әрбір отбасы мүшесінің туған жылын көрсете отырып
13. _____
14. _____
15. _____
16. _____ күндізгі, кешкі,
17. Жеке куәлік № _____ Кім берді _____ Берілген күні _____
18. Тұратын мекен-жайы _____

Босатылған күні және себебі _____

**№ Т-2 нысанды жеке карточканы толтыру бойынша
ТҮСІНДІРМЕ**

1. Запастағы солдаттардың, матростардың, сержанттардың, старшиналардың, прапорщиктер мен мичмандардың жеке карточкаларының 2-бөлімін толтырған кезде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) "Есепке алу тобы" деген жолда - әскери билеттегі жазбаға сәйкес "ҚК", "ӘТК", "ҰҚК", "ІІМ" деген жазулар жазылады;

2) "Есепке алу санаты" деген жолда әскери билеттегі жазбаға сәйкес "1" немесе "2" деген сан көрсетіледі;

3) "Құрамы" деген жолда әскери билеттегі жазбаға сәйкес "солдаттар немесе матростар", "сержанттар немесе старшиналар", "прапорщиктер немесе мичмандар" (запастағы офицерлер үшін "офицерлер") деп жазылады;

4) "Әскери атағы" деген жолда әскери билеттегі жазбаға сәйкес қатардағы жауынгер, ефрейтор, матрос, аға матрос, кіші сержант, аға сержант, старшина... және т.б. деп, запастағы офицерлер үшін берілген атағына сәйкес жазылады;

5) "Әскери-есептік мамандық үй" деген жолда әскери билеттің 17-тармағындағы жазбаға сәйкес ӘЕМ толық жеті мәнді белгісіне сай келуі тиіс әскери міндеттің лауазымдық биіктілігі жазылады;

6) "Әскери қызметке жарамдылығы" деген жолда әскери билеттің 5 және 19-тармақтарындағы жазбаның негізінде "саптық", "саптық емес", "жарамсыз" деп жазылады;

7) "Тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) атауы" деген жолда әскери міндетті әскери есепте тұрған қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) атауы көрсетіледі, егер әскери міндетті жергілікті атқарушы органдарда әскери есепте тұрса, онда осы есепке алу органына басшылықты жүзеге асыратын қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) атауы көрсетіледі;

8) "N... арнайы есепте тұр" деген жолда кейінге қалдырылуы туралы куәліктің сериясы мен нөмірі, әскери міндеттіні броньдау ресімделген тізбенің, тізбе (қаулы) тармағы мен бөлімінің нөмірі, сондай-ақ қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) кейінге

қалдыруды ресімдеген күні қарындашпен жазылады.

2. Запастағы офицерлердің жеке карточкаларындағы әскери есепке алу туралы мәліметтер осы түсіндірменің і-тармағында баяндалған тәртіппен мынадай ерекшеліктермен толтырылады:

1) "Әскери-есептік мамандық N..." деген жолда запастағы офицер әскери билетінің 6-тармағындағы жазбаға сәйкес алты мәнді с а н д ы қ б е л г і ж а з ы л а д ы ;

2) "Әскери қызметке жарамдылық" деген жол әскери есепте тұрған запастағы офицерлерге толтырылмайды. Әскери есептен шығарылған запастағы офицерлерге бұл жол әскери билеттің 20-тармағындағы жазбалардың негізінде толтырылады.

3. Шақырылушылардың жеке карточкаларын толтырған кезде:

1) "Тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) атауы" деген жолда шақырылушы есепте тұрған қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім) көрсетіледі;

2) "N... арнайы есепте тұр" деген жолда шақырылушы мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру құқығын пайдаланатындығы және оның мерзімі көрсетіледі.

4. Запаста тұрудың шекті жасына жеткен адамдардың жеке карточкаларына қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) нұсқауы бойынша жыл сайын 1 қаңтардан кейін әскери есеп туралы мәліметтер сызылып тасталады және "Жасы бойынша әскери есептен шығарылды" деген белгі қойылады.

5. Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың жеке карточкалары қатаң әліпбилік тәртіппен мынадай төрт топқа бөлінетін жеке к а р т о т е к а д а с а қ т а л а д ы :

бірінші - запастағы офицерлік құрамның жеке карточкалары;

екінші - запастағы солдаттардың, матростардың, сержанттардың, старшиналардың, прапорщиктер мен мичмандардың жеке карточкалары;

үшінші - әскери міндетті әйелдердің жеке карточкалары;

төртінші - шақырылушылардың жеке карточкалары.

Жасы немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарылған адамдардың жеке карточкалары кәсіпорынның жалпы к а р т о т е к а с ы н д а с а қ т а л а д ы .

Әскери міндеттілер мен шақырылушылар жеке карточкаларының картотекасы оған бөгде адамдардың кіруіне мүмкіндігі жоқ орындарда сақталады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н а
ә с к е р и м і н д е т т і л е р м е н

шақырылушыларды
алу ережесіне 3 қосымша

әскери

есепке

**Әскери есепте тұрған шақырушылардың
Т і з і м і**

р/с N	Қашан есепке алынды және қайдан келді	Тегі, аты, әке. сінің аты	Ту. ған жылы	Ұлты	Білі. мі, қандай оқу орнын бітір.	Жұмыс орны және атқа. ратын лауа.	Тұр. ғы. ты жері	Оқуға немесе емдеуге тиісті. лігі (қай бап бойынша және (оқыған) сыныпта	Қандай әскери- техни. калық оқу ұйы. мында оқиды (оқыған) аурудың атауы, қайда бекі. тілген)	10
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Оқуды немесе емделуді аяқтағаны	Бастапқы әскери даярлықтан қай	туралы	Есептен шығарылғаны	Ескерту (кейінге қалдырылғаны туралы
туралы белгі	жерде өтеді	белгі	(қашан және қ а й д а к е т т і)	белгі және т.с.с.)
1 1	1 2	1 3	1 4	1 4

20__ ж. " __ " _____ Қолы _____
Қазақстан Республикасына
әскери міндеттілер мен
шақырылушыларды әскери есепке
алу ережесіне 4 қосымша

**Мерзімді әскери қызметке даярлауға жататын, жұмыс
істейтін (оқитын) 19__ жылы туған жас өспірімдердің
Тізімі**

(кәсіпорынның, мекеменің,

ұйымның, оқу орнының атауы)

20__ ж. " __ " _____ жағдай бойынша

Р/с Тегі, аты, N	Ұлты әкесінің аты	Білімі, қайда және қай сыныпта, қай курста оқиды немесе қанша сыныпта және курсты бітірді	Жұмыс орны және атқа. ратын лауа. зымы	Қандай Тұрғы. Ескерту	Тілдерді біледі	лықты жері	
1	2	3	4	5	6	7	8

1 2 3 4 5 6 7 8

20__ ж. " __ " _____ Қолы _____ М . О .

Қазақстан Республикасына
әскери міндеттілер мен
шақырылушыларды әскери есепке
алу ережесіне 5 қосымша

**Шақыру учаскесіне тіркеуге жататын
19__ туған жас өспірімдердің
Т і з і м і**

(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, оқу орнының атауы)
20__ж. "___" _____ жағдай бойынша

Р/с N	Тегі, аты, әкесінің аты	Жұмыс (оқу) орны және атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері	1 қаңтардан кейін тіркеу аяқталғанға дейін болған өзгерістер туралы қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) белгісі және жиынтық тізімде қандай реттік нөмірмен есепке алынғаны
1	2	3	4	5

М . О .

20__ ж. "___" _____ Қолы _____

Қазақстан Республикасына
әскери міндеттілер мен
шақырылушыларды әскери есепке
алу ережесіне 6 қосымша

Көлемі 210x148

Әскери бөлімнің
(мекеменің)
бұрыштама

мөртабаны

Н ұ с қ а м а

(әскери атағы)

Сізге 20___ж. "___" _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (қайда, кімнің билігіне және
_____ қандай мақсатта)

баруды ұсынамын.
Баратын уақыты 20___ж. "___" _____

Негіз: _____

Жол жүру үшін әскери тасымал құжаттары берілді
талап ету құжатының N _____
Жеке басын куәландыратын құжатты көрсету бойынша жарамды.
Командир (бастық) _____
(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

М.О.
Қазақстан Республикасына
әскери міндеттілер мен
шақырылушыларды әскери есепке
алу ережесіне 7 қосымша

Қолхат түбіртегі _____ **Қолхат N** _____
әскери міндеттіден әскери
билетті қабылдап алғаны туралы _____ жылы туған
_____ запастағы _____
(тегі, аты _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)
және әкесінің аты)

Туған жылы _____ берілді _____
Әскери атағы _____ ӘЕМ N _____
ӘЕМ N _____ оған тиесілі әскери билеттің
Әскери билет қандай мақсат үшін сериясы _____
қабылдап алынды: _____ N _____

сериясы _____ қандай мақсат үшін қабылдап
N _____ алынғаны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК